

# АҚТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ



*Ресейдің патшалық үкіметіне қарсы қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің көпшілікке белгісіз тарихи ақтаңдақтарының бірі — патшаның маусым жарлығы бойынша майданның қара жұмыстарына алынған 19 бен 43 жас аралығындағы қазақ жігіттерінің тағдыры, олардың елден тыс жерде қандай жұмыстар істегені, хал жағдайы мен тұрмысы, негізінен майдан шебінің қандай жерлерінде болғандығы туралы деректер.*

*Орыс патшасының 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы бойынша «соғыстың жатқан армиялар ауданында қорғаныс құрылыстары мен әскери қатынастар орнату жөніндегі жұмыстар үшін» Түркістан мен Дала өлкесінен 500 мыңнан астам жігіт алу көзделді.*

Беркін ҚҰРМАНБЕКОВ,  
мұғалім

Тарихи деректерге сүйенсек, майданның қара жұмысына алынған 50-80 мыңдай қазақтар Жоғарғы қолбасшының ставкасы мен өртүрлі министрліктердің қарамағында өртүрлі жұмыс атқарған. Ал майданның қара жұмысына алынған қазақ жігіттерінің жалпы саны 150-180 мыңнан асқан.

Майданға алынған қазақ жігіттері негізінен Солтүстік Батыс, Оңтүстік Батыс пен Кавказ майдандарында, яғни, Ресей, Прибалтика, Украина, Беларуссия, Кавказ территориясында майданның азапты қара жұмыстарын атқарған. Темір жол ішкі істер министрлігі, т.б. ведомстволардың қарамағына бөлінген қазақ жігіттері Ресейдің ірілі-ұсақты станциялары мен бекеттеріне бөлініп жіберілген. Мысалы, Темір уезінен майданның қара жұмыстарына барған 900 қазақ жігіті Дно станциясында, 100 қазақ Валдай станциясында вагондардың жүгін

түсіру жұмыстарын атқарған. Бөкей Ордасынан 1500 қазақ Рязань губерниясында ағаш дайындау істерімен айналысқан.

Қазақтардың жұмыс жасаған жерлері: Москва, Рига, Қазан, Харьков, Киев, Пермь, Симбирск, Самара, Старая Русса, Большая Глушица, Орынбор, Троицк, Астрахань, Муром, Псков, Двинск, Орша, Могилев, Луцк, Смоленск, Омск, Москва түбіндегі аудан және Донецк бассейні, т.б.

Майданның қара жұмысына алынғандар туралы негізгі деректер Әскер тарихының мемлекеттік орталық архивінде сақталған. Майданның қара жұмыстарына реквизицияланған (еріксіз алынған) 19—43 жастағы «бұратаналарды» майдан театрына жеткізу үшін арнаулы бөлу бекеттері белгіленген. Солтүстік майдан үшін жұмысқа алынғандар Псков, Батыс майданға — Орша, Гомель және Оңтүстік Батыс майданға — Харьков станцияларына жеткізіліп одан әрі қарай жұмыс істеу орындарына бөлінген. Өрбір майдан бойынша жұмысшы партиялар өздерінің ерекше реттік номерлерін иелен-

ген. Мысалы, 1917 жылдың 2 қаңтарында 225 бұратаналық жұмысшы партиясы басшыларының тізімі бекітілген.

№ 42 бұратананың жұмысшы партиясында Орал облысының Орал, Темір, Гурьев уездерінен алынған қазақтардың болғаны анық. Кейбір деректерге

5-6 шақырым жерге батпақ пен құмды кешіп жаяу барып жүрген. Етіктерінің салт атты адамға арнап тігілгендігі, ерсілі-қарсылы балшықты жермен жүру өте көп қиындық келтіріп отырған. Жұмыс орнында далалық асхана жоқтығынан жұмысшылар 1-2 күн жұмысты аш аяқтаған. 1

шаға ғана қалған. Сондықтан егін салатын ешкім жоқ, т.б.

Патша жендеттерінің озбырлығына шыдамаған кейбір жігіттер өздерін өздері жарақаттаған. № 212 жұмысшы партиясындағы Гурьев уезінің Құзлықұлын (Қызылқоға) болысының № 11 ауылы-

тырған. № 212 жұмысшы партиясында 1916—1917 жылдар арасында ауруханаға 116 адам түскен, ал өлгендер саны 86.

Майданның қара жұмысына алынғандардың жұмыстан бас тартуларына байланысты жоғарғы бас қолбасшының штаб бастығының 1916 жылғы 12 желтоқсандағы бұйрығы бойынша «Реквизацияланғандарды» ұйымдастыру туралы жоғарғы Ережеге» бұратаналарды өздеріне тапсырылған міндеттерді орындамағаны үшін жазалау тәртібі» деген арнаулы толықтыру енгізілген. Ол бойынша айыптылар ақша төлеу немесе басқа жаза өтейтін болған. Сонымен қатар 3 айдай түрмеге қамалып немесе 3 мың сом айып төлеуге тиісті болған.

Майданда қалыптасқан жағдай патша әскер басыларын қара жұмыстағы адамдардың талап-тілектерін орындауға, олармен санасуға мәжбүр де етті.

Бір ескертпе жазуда инженер Чаев былай деп жазады: «Бұратаналарды жұмыс жасатқанда олар еліне біздің жауымыз емес, досымыз болып кетуіне көңіл бөлуді қарастыруды өтінеміз. Сондықтан олардың мұқтаждықтарына мұқият қарап, риза етуді қамтамасыз ету керек».

Осыған байланысты кейбір ауру жұмысшылар ауылдарына қайтарылған. № 204 жұмысшы партиясынан 50 науқас жұмысшысы елге қайтарылған.

1916 жылғы қантөгістен Ресей империясының отаршылдық саясаты анық көрінді. Үкімет өзінің маусым жарлығымен тыныш елді ойрандап ыза-кекпен қарсы шыққан халықты жазалаушы күшпен аяусыз басып жаншыды. Ду-

маның депутаты А. Ф. Керенский патша үкіметінің жазалау саясатын «орыс тарихының абыройсыз беттері» деп атап көрсетті. Осының салдарынан жазалаушы отрядтардың қолдарынан мыңдаған адамдар қаза тапты.

Майданның қара жұмысына еріксіз алынған қазақ жігіттері соғыс театрына жақын жерлерде болып көптеген азапты басынан өткізді. Мобилизацияға ұшыраған жігіттерді сауатты азаматтар бастап апарып, олардың жағдайын жақсартуға септігін тигізді. Көптеген жұмысшылар майдан даласында солдаттармен араласып, жалпы бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі патшалық Россияның өлеуметтік саяси-экономикалық жағдайы туралы көп түсінік алды. Солардың көпшілігі Қазақстанның батыс бөлігінің жігіттері еді.

1917 жылы наурыз айында Ө. Жангелдин, И. Сейдалин, К. Құрманов және басқалар Петроград советіне Торғай даласындағы жазалаушы отрядты қайтару туралы мәселе қойды. Сөйтіп Торғай, Ақтөбе, Ырғыз өңіріндегі ойранның аяқталуына өз үлестерін қосты.

Майданның қара жұмысында болған қазақтар туралы тарихи деректерді ғылыми айналымға түсіріп, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс тарихының осы бір құрамдас бөлігінің өзіндік тарихнама-сымен жасау — біздің аға ұрпақ алдындағы борыштарымыздың бірі.

## ЗАҢСЫЗ ЖАРЛЫҚТЫҢ ЗАРДАБЫ

1916 жылы майданның қара жұмысына алынған қазақтар туралы деректер

қарағанда, Темір уезінен алынған қазақтарды кейіннен Ойыл Совдепінің председателі болған, Қазақ (қырғыз) атқару комиссиясының мүшесі Исламғали Құрманов басқарып барған.

Ал майданның қара жұмыстарына еріксіз алынғандардың тұрмыстық жағдайы өте нашар болған. Жұмысшылар 100—200 адамнан палатқалар мен жертөлелерде тұрып, киімнің жоқтығы мен тамақтың аздығынан көпшілігі ауруға ұшыраған. Өздерінің қазақы киімдерімен — тері құлақшын, етік, мақталы шапандарымен жұмыс істеп, сыртқы киімдерін төсеніп жатқан.

Құрамында 500-дей қазақ болған № 130 жұмысшы партиясының майдан даласындағы ауыр тұрмыстары туралы мынадай деректер бар. 1917 жылғы сәуір айында жұмысшылар өздері тұрған орнынан

айдан астам уақыт моншада жуынбаған. Тиісті жалақылары уақытында берілмеген.

Адам төзгісіз қиын жағдайда қалған жұмысшылар жұмысқа шығудан бас тартып, өз талаптарын қойып отырған. № 231 жұмысшы партиясының қара жұмыстағы жігіттері берілетін нан мөлшерінің аздығы, тамақтың құнарсыздығы, жұмыс орнының тым алыста (6 шақырым), жалақыларының уақытында берілмеуі т.б. айтып жұмыс істеуден бас тартқан.

1917 жылдың 24 наурыз күні Орал облысының Темір уезінің 59 қырғыз (қазағы — Б. К.) жұмысшы партиясының бастығынан өздерін ауылға қайтаруды талап еткен. Негізгі себеп: оларды 1916 жылдың қараша—желтоқсан айларында жұмысқа алған. Сәуір айында ауылда көктемгі егіс басталды. Елде үлкен кісілер мен бала-

нан келген Игази Исингазиев 1917 жылдың 18 наурызы күні ауырып қалған. Оны фельдшер қараудан бас тартса, 4-инженерлік құрылыс дружинасының 3-участкесінің десятигі Смирнов сабаған. Жұмыста өліп қалмау үшін Исингазиев өзінің саусағын шауып тастаған.

Прапорщик Ольхов деген 1917 жылы 21 наурыз күні былай деп жазады: «Көптеген бұратана жұмысшылардың арызына қарағанда, оларды № 3 участкенің чиновниктері ұрып соғады, медицина қызметкерлері ауруларды дұрыс қарамайды».

Майдан шебіне жақын орналасқан жұмысшы партиялардың көпшілігінде жігіттердің жататын орындары сыз, есік-терезесі қымтаусыз, жылусыз болып, тартпайтын пеш қара жұмыстан дінкелеген жұмысшылардың ауруға ұшырауына әкеліп соқ-